# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

www.mmg.kz

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№08 (71), қыркүйек, 2015 жыл


*Компания тынысы*

## Ата Заңға - 20 жыл!




28 тамыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының акт залында Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-жылдығына арналған салтанатты жиын болып өтті.

Жиынға қатысушыларды «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Қуанайұлы Төлеғожаев құттықтай отырып, «Ұлтымыздың ұлан-ғайыр тарихында Қасым ханның «Қасқа жолынан» бастау алған бүгінгі Конституциямыз – Елбасы ұсынып, халық қолдаған, елімізді биік белеске шығарған, тарихи маңызы аса зор құжат. Биыл тәуелсіз еліміздің Конституциясының қабылданғанына 20 жыл. Ел тарихында алтын әріптермен жазылып қалатын Конституцияның қабылданған күні жыл сайын еліміздің барлық өңірінде кең көлемде атап өтіледі. Бұл бәрінен де қымбат, бәрінен асыл дүниеміздей заңымызды ардақтап, құрмет тұтудағы игі қадам. Сондықтан Ата Заңды ардақтау – келешекке жол тартқан жас мемлекетіміздің әрбір азаматының асыл парызы», - деп атап өтті.

Сондай-ақ, мұнайшыларды Конституция күнімен кәсіподақ ұйымының төрағасы Талғат Хамидуллаұлы Айдынов құттықтады. Ол Ата Заңымыздың аясында еліміздің кемелді дамуын, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуын тілеп, осы мүмкіндікті пайдалана отырып кәсіподақ ұйымындағы ағымда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала кетті.

# МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІМЕН!




## *Құрметті мұнайшылар!*

Сіздерді мұнай және газ кешені қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Тәуелсіздік туын тұғырға қондырып, өркениетті елдердің қатарына қаймықпай қосылған Қазақстанның басты байлығын халық игілігіне айналдыруда аянбай тер төгіп келе жатқан мұнайшылар қауымының қиын еңбегі қашан да құрметке лайық.

Бүгінгідей мұнайлы өлке атанып, жерасты байлығының қызығын тұтастай республика жұртшылығының кәдесіне жаратуына септесіп отырған компаниямыздың барлық қызметкерлеріне – өндірістегі адал еңбектері мен керемет нәтижелері үшін үлкен алғыс білдіреміз. Негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің тұрақты өсімі, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, мұнай-газ өндіру компаниясы мен құрылымдық және сервистік кәсіпорындар қызметкерлерінің жоғары кәсіби шеберлігі – бұл сапалар барлығы өз қызметінің бүкіл кезеңінде компаниямыздың биіктен көрінуіне мұрындық болды.

Қазіргі таңдағы бүкіл әлемді жайлаған қаржылық және экономикалық дағдарысқа қарамастан, жер қойнауынан «қара алтын» өндіріп, халық игілігіне беріп жатқан ұжымымыз еңбек ырғағын бір сәт те төмендетпей, өнім өндіру көлемін уақыт өткен сайын арттырып келеді. Үстіміздегі жылдың 8 айында жоспар бойынша 4 млн. 154 мың тонна мұнай өндіруге тиісті болсақ, нақты нәтижеде 4 млн. 163 мың тонна өнім өндіріп, межеленген жоспарды 9 мың тоннаға артығымен орындадық.

Жоспар бойынша осы уақыт ішінде мемлекетке 4 млн. 139 мың тонна мұнай тапсыруды межелеген болатынбыз. Ал іс жүзінде 4 млн. 150 мың тонна «қара алтын» тапсырып, жоспарды 11 мың тоннаға артығымен орындадық. Мұндай жемісті нәтижелерге біз акционерлік қоғамның бүкіл ұжымының қажырлы еңбегі мен бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген ырысты ынтымағы, табысты татулығы арқасында қол жеткіздік.

Ұжымымыз бай тәжірибесімен, биік кәсіпқойлығымен алдына қойылған мақсаттар мен тапсырмаларды орындап, табысқа жетуге деген құлшынысымен ерекшеленеді. Жоғары кәсібилік, жетістікке ұмтылған команданың жаттыққан жұмысы, озық менеджмент пен қабылданатын шешімдердің ой елегінен өткізілуі, инновациялық тәсілге деген батылдық - бұлардың барлығы компанияның өзгермес жұмыс қағидасы болып қала бермек. Сондықтан табиғаттың бас байлығының әр тамшысын қымбат бағалайтын Сіздерге зор денсаулық, ашық аспан, еңбекте жаңа жетістіктер мен табыстарға жетулеріңізге тілектеспіз!

Сіздерге келешекте де Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосқан үлестеріңізге және де кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көруіңізге тілектестік білдіреміз.

Мерекелеріңізбен, қымбатты әріптестер!

**Құрметпен,**
**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**
**Бас директор** — **Сунь Синъюнь**

**Бас директордың бірінші орынбасары** — **Б. А. Иманбаев**

# МҰНАЙ - ДӘУЛЕТ, МҰНАЙ - СӘУЛЕТ, МҰНАЙ - ЖЫР!






Қыркүйек айының 2-3 жұлдызында мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мерекелік шаралары Қаламқас кенорнынан бастау алып, келесі күні Жетібай кенорнында жалғасын тапты.

Қаламқас кенорыны мұнайшыларын құттықтауға арнайы келген облыс әкімі Алик Серікұлы Айдарбаев алдымен өндірісті аралады. Басқарманың №1580 ұңғыдағы полимер қоспаларын айдау қондырғысында болып, тәжірибелік-өндірістік сынақ өткізу жұмысымен танысты.

Мұнан соң жұмысшылар қалашығының орталық алаңындағы салтанатты мерекеге қатысып, мұнайшыларды құттықтады:

- Соңғы 5 жылдың ішінде ғана акционерлік қоғам облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін 8 млрд. 245 млн. теңге, әртүрлі қайырымдылық мақсаттағы жұмыстар мен демеушілік шараларына 2 млрд. 262 млн. теңге қаражат бөлді. Ал мемлекет қазынасына 1 трлн. 200 млрд. теңгеден астам салықтар мен бюджеттік төлемдер құйды.

Ел экономикасын дамытуға ерекше үлес қосып келе жатқан осынау компанияның өсіп-өркендеуі жолында Қаламқас мұнайшыларының да алар орны бөлек. 30 жылдан астам уақыттан бері облысымыздың дамуына орасан зор септігін тигізіп келе жатқан кен орны үнемі өркендеп, өсу үстінде. Осының барлығы тату ұжымның табысты еңбегі арқасында қол жеткізілген жетістіктер, - дей келіп, өндіріс озаттарын Ата заңымыздың 20 жылдығына арналған медальмен марапаттап, құрмет грамоталар мен алғыс хаттарды табыс етті.

Жиналыста «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы адам ресурстарын басқару және еңбекақы бойынша басқарушы директоры Серік Абденов ерен еңбектерімен еленіп жүрген еңбек майталмандарын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапаттады.

Мерекеде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Иманбаев Бақыт Алтайұлы мұнайшылар қауымын мұнай-газ саласы қызметкерлерінің күнімен құттықтап, сөз сөйледі:

- Компаниямыз мұнай өндіру көлемінің артуына, сол арқылы салықтық түсімдердің молаюына, адами капиталдың дамуына, сөйтіп, елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеруге себепші болатын, өндірістің тиімділігін арттыратын ғылым мен техниканың үздік жетістіктерін пайдалану, жаңа технологияларды енгізу бағытындағы жұмыстарын да одан әрі жалғастырып келеді.

Біз табысқа «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бен мердігерлік ұйымдардағы ұйымшыл ұжым еңбегінің арқасында қол жеткіздік.

Мерекелік құттықтау компанияның өсіп-өркендеуіне зор үлес қосып жүрген мұнайшыларды марапаттау рәсіміне жалғасты.

Мұнайшы кентінде өткен мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиналыста «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев құттықтау сөз сөйлеп, ерен еңбегімен ерекшеленген мұнайшыларға Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар тапсырды.

Қаламқас және келесі күні Жетібай кенорнындағы мерекелік жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов, кенорын және сервистік мекеме басшылары да үздік шыққан мамандарға жылы лебізін білдіріп, марапаттады. Жетібай кенорнындағы мерекелік жиында Қарақия ауданы әкімі Ә.Дауылбаев құттықтап, облыс және аудан әкімінің Алғыс хаттарын тапсырды.

Мұнайшылар мерекесіне орай Қаламқаста футбол алаңы ашылды.

Бұл күндері түрлі спорттық жарыстар мен мұнай саласында еңбек етіп жүрген көркемөнерпаздардың күшімен концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, мұнайшылар қауымы бір серпіліп калды. «Қаламқас» вокальды-аспап ансамблі, ағайынды Саламат, Талғат Жақыповтар, Әсет Нұрсебепов, Азамат Айтбаев, Әлімжан Бөлекбаев, Қайрат Қарабалаев, Қобыланды Әбдіғалиев, Айбек Жұрымбаев, Райымбек Түзелов, Еділ Бекмұратов мерекенің шырайын келтірді.













# «Өз мамандығының үздігі» сайысы жеңімпаздары



## I-орын

«Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ МГӨБ-4 3-дәрежелі операторы

**ЕРЛАН ШАМШАДИНОВ**

Шамшырақ қой Шамшадинов Ерлан да,
Ерланменен теңесетін ер бар ма?!
ҚазҰТУ-ды бітірген соң қасқайып,
Ерекеңе терезесі тең бар ма?!
Қанша жүйрік қатысса да бәйгеге,
Қара салмай алдына тек келді алда.

Жанарынан жалын шашып, от өріп,
Жақсылардың қатарына жеке еріп;
Қаламқастың келеді атын шығарып,
Қаламқас та даңқын оның көтеріп.



## I-орын

ОӨҚКҚ 5-дәрежелі электр газ дәнекерлеушісі

**РАХМАН ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ**

Фамилиясы – Құдайберген,
Жан өзі бір Құдай берген.
Дәнекерлеп, дәнекер боп,
Жақсыларға ұнай берген.

Аты оның – Алла аты,
Ағалардың қолғанаты.
Амангелді әкесінің
Арманы ол жалғанатын.

«Жарығым бар, жағайын ба,
Жалыным бар, жанайын ба?!»
Дейтін оның шуағына
Бөленген де талайың бар.
Рахманның рақымынан
Құр қалмаңдар, ағайындар!



## I-орын

«Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ КМАӨЦ 4-дәрежелі слесарь-жөндеушісі

**ШЫҢҒЫС ӘБДІРОВ**

Еліміздің ертеңі-Жастар еді!
Жастар барда Қазақтың асқақ елі.
Екінші жыл ең үздік маман болған,
Әбдіров Шыңғыс соның бас дәлелі.

Жан-жақты маман шығар одан анық.
Допта тебер спортшы бола қалып.
«Ауыл жастар» қоғамдық ұйымында
Басқарады, қызметі-төрағалық.

Белсендісі Жас маман кеңесінің
Биіктігі байқалар өресінің,
Міне осындай қазақтың ұлы ғана
Әлемге танытады Ел есімін.



## II-орын

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨБ-4 3-дәрежелі операторы

**АЙБЕК БЕКҚҰЛОВ**

Адамның болу керек мамандығы,
Маманның болу керек адамдығы,
Қаламқасмұнайгазда оператор-
Айбектің анық бізге адалдығы.

Жүр ғой деп ағалардың жалғап ісін,
Басшылық саған алғыс арнады шын.
Кешенді мұнай және газ өндіру,
Цехына маңдай терің тамғаны үшін.



## II-орын

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ 5-дәрежелі электр газ дәнекерлеушісі

**НОҒАЕВ АСЫЛБЕК**

Еңбек түбі-береке деген еді,
Еңбектенген адамдар еленеді.
Ноғаев Асылбекке алғысымыз,
Дәнекерлеу ісінің шебері еді.

Еңбегіңмен шыға бер асқарға шың,
Абырой мен беделің аспандасын.
Кәсібіңмен әлемге таныта бер,
«Қаламқас» өндірістік басқармасын.



## II-орын

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨБ-1 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі

**АМАЛБЕК ТІЛЕГЕНОВ**

Қаламқастық Тілегенов Амалбек,
Амалбекті кім айта алар «жаман» деп?!
Жиырма жылдық өтілі бар жігітті
Мақтайды ылғи «Майталман бұл маман» деп.

Балқантауда туып, жөрген оранды,
Бабақұлдік мекеніне оралды.
Бұл күндері Амалбектей азамат
Өз ісінің хас шебері боп алды.



## III-орын

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ МГӨБ-4 3-дәрежелі операторы

**БЕГЛЕН ХОДЖАЕВ**

Бір жігіт бар – Мұхитұлы Беглен,
Қара басын хан ұлына теліген.
Ол келгенде өндірістің басына
Қара жердің қабаты да еріген.

Каспий оқу орнының ол түлегі,
«Мұнай» деп тек соғар оның жүрегі.
Жұрт білмейтін жер астының қатпарын
Біздің осы Бегленжан біледі.



## III-орын

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ 4-дәрежелі электр газ дәнекерлеушісі

**ӘНУАР БАЛҒАЗИЕВ**

Еңбек ету міндетті адам үшін,
Еңбекпенен жұлдызың жанады шын.
Еңбек сүйгіш Әнуар Балғазиев
Жетібаймұнайгаздың маманысың!

Балқытып темір менен қорғасынын,
Көргейсің кәсібіңнің мол нәсібін.
Еңбек қана адамның нағыз досы.
Ешқашан тастамайды жолда шыным.



## III-орын

«Жетібай-мұнайгаз» ӨБ МГӨБ-1 3-дәрежелі слесарь-жөндеушісі

**ДӘУРЕН МЕРГЕНОВ**

Кім жетеді Мұратұлы Дәуренге?!
Жастайынан жақын болған тау-кенге.
ЦАУ-ды оқып бітірген соң саулатып,
Қатарынан озып кеткен әудемге.

Адалдықтан айнымайтын анты бар,
Аты озса, қуанатын халқы бар;
Дәурен деген «дәу» жігітке қол соғың,
Жетібайда жерді жарған даңқы бар!

*Достық әзілдерді жазған Рахат Қосбармақ, Жаннат Кемал.*

# 2014-2015: ДЕРЕКТЕР, ОҚИҒАЛАР

*Модернизация:*

## СОЗДАН НОВЫЙ ДЕПАРТАМЕНТ

**В структуре АО «Мангистаумунайгаз» с 1 июля начал работу Департамент разведки и приобретения активов. Какова цель его создания, какие задачи поставлены Правлением Общества, об этом и другом рассказал заместитель директора Департамента разведки и приобретения активов Аман Имандосов.**



По его словам идея создания департамента назревала давно, так как для поддержания и увеличения добычи необходимо уделять большое внимание доразведке разрабатываемых месторождений и геологоразведке на новых площадях с целью восполнения и наращивания запасов углеводородов.

В период с 2006 по 2012 годы были проведены сейсморазведочные 3Д работы методом общей глубинной точки на восьми месторождениях АО «Мангистаумунайгаз». Перед руководством нового Департамента поставлены задачи – провести доразведку разрабатываемых месторождений и разведку на новых площадях, также одним из приоритетов является работа по приобретению новых нефтегазовых активов.

На сегодня планируется продолжить работу на разрабатываемых месторождениях Жетыбай и Бектурлы по доразведке и подробному изучению, с целью возможных расширений территорий и объемов запасов с проведением сейсморазведочных 3Д работ и бурением оценочных скважин.

Кроме того, совместно с Комитетом геологии и недропользования Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан на основании Меморандума о взаимном сотрудничестве начаты работы по Государственному геологическому изучению недр пяти блоков (Аралды, Сауринская, Кожур, Сев.Ацисор, Каясан) нацеленные на повышение эффективности геологоразведочных работ и геологического изучения УВС в пределах Мангистауской области.

В части приобретения новых нефтегазовых активов, также ведется работа по изучению материалов месторождений на сопредельных территориях, принадлежащих другим недропользователям.

## КӨЛІК-ТАРАЗЫ



Жуырда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы майланған және ластанған топырақты жинау және тазалау учаскесінде жаңа қондырғы іске қосылды. 2014 жылы басталып, 2015 жылдың маусым айында пайдалануға берілген автокөлік таразысы соңғы техникалық жетістіктерге сай жабдықталған.

Көлік арқылы тасымалданатын мұнай аралас топырақ, металл сынықтары, өндіріс қалдықтары мен басқада жүктердің есебін анықтау осы авто таразы көмегімен жүзеге асырылады. Өндіріс алаңынан шыққан жүк бұрын шамамен есептелетін болса, қазір оның нақты есебі бар. Арнайы сақталатын полигонға жинақталған қалдықтарды өңдеуде де мұның нәтижесі зор. Өндіріс тиімділігін біршама арттырудың озық құрылғысы қазіргі таңда жарамсыз темір қалдықтары мен мұнай қалдықтарының есебін жүргізуге, осы шараларға бөлінетін қаржыны қадағалауға көптен-көп септігін тигізіп отыр.

*Социальный проект:*

## БОЛЬШИЕ ПОБЕДЫ НАЧИНАЮТСЯ С МАЛЫХ

**За свою более чем полувековую историю Акционерное Общество «Мангистаумунайгаз» внесло немалую лепту в социально-экономическое развитие края. Каждый период в летописи Компании был отмечен своими знаковыми событиями и достижениями, которые сыграли большую роль, как в работе предприятия, так и в жизни населения региона. И все это время «Мангистаумунайгаз» неуклонно следовал принципам корпоративной социальной ответственности: например, в 2011 году – в год 50-летия Мангистауской нефти, - в поселке Жетыбай была торжественно открыта новая музыкальная школа.**




Прежняя школа, построенная еще 30 лет назад, устарела морально и физически, а однажды в ней даже случился пожар, поэтому возникла острая необходимость в возведении нового очага культуры. 78 млн. тенге выделило АО «Мангистаумунайгаз» на строительство социально-культурного объекта. И вот буквально за один год на месте прежней школы, вырос новый храм искусств, которому присвоили имя народного поэта, известного исполнителя кюев Оскенбая Калманбетулы, руководство учебным заведением было возложено на заслуженного работника культуры Казахской ССР, почетного гражданина Каракиянского района Орына Кулсариева.

Тогдашний Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Асет Магауов, на торжественной церемонии открытия выразил уверенность в том, что руководство и педагоги новой школы взрастят еще много поколений талантливых музыкантов и исполнителей.

С тех пор прошло четыре года, сегодня в школе уже новый директор – обладатель Гран-при республиканского фестиваля-конкурса «Салем Астана» - Жанар Кенжебай. Но цели у руководства прежние: дать достойное воспитание детям и привить им любовь к искусству. В настоящий момент в музыкальной школе занимаются 211 детей, 18 профессиональных педагогов обучают их игре на домбре, фортепиано, баяне и других инструментах. Ежедневный, кропотливый труд преподавателей уже приносит результаты: одна из выпускниц школы – Кайсар Майлыбай - завоевала первое место на международном конкурсе в Китае. Учебному заведению всего четыре года, поэтому педагоги уверены, что самые громкие победы еще впереди. Кроме того, при школе функционирует дворовый клуб, который посещают свыше 150 детей, они учатся вышиванию, рисованию, игре в шахматы и т.д. И число желающих заниматься в музыкальном заведении растет с каждым днем, здесь уже поговаривают о возможном расширении здания школы.

- Сегодня в средних общеобразовательных заведениях Жетыбая учатся почти 3000 детей, - говорит Жанар Кенжебай. – В свободное от учебы время детям необходимо прививать любовь к спорту, искусству, раскрывать творческие способности. Поэтому появление в поселке детской музыкальной школы – это большое событие! Пользуясь, случаем, хочу выразить большую благодарность АО «Мангистаумунайгаз» пожелать успехов и процветания!

Жетыбай не зря называют колыбелью Мангистауской нефти, именно здесь в далеком 1961 году забил первый фонтан нефти на полуострове Мангышлак и именно отсюда начинает летопись своей истории «Мангистаумунайгаз». В рамках реализации своей социальной политики Компания всегда стремилась внимательно относиться к интересам общества, всецело содействовать социально-экономическому развитию региона. И музыкальная школа не единственный объект, построенный за счет средств АО «Мангистаумунайгаз» в Жетыбае. В 2012 году Компания проспонсировала строительство первой в поселке детско-юношеской спортивной школы, а значит, нефтяники оставляют достойное Наследие!

*Наши люди:*

## ДОБРО БЕЗ ГРАНИЦ

**Говорят, что благие поступки не имеют меры. Каждый человек сам определяет ту частичку добра, которую он отдает другим в соответствии со своим собственным великодушием, совестью и возможностями. А еще говорят, что благотворителями не рождаются, благотворителями становятся. Становятся люди неравнодушные, с огромным сердцем, светлой душой и большой ответственностью. Сегодня мы расскажем именно о таких людях, о наших коллегах – сотрудниках Службы Безопасности АО «Мангистаумунайгаз» - о сильных мужчинах, в груди которых бьется большое сердце!**

В священный месяц Рамазан, сотрудники случайно узнали, что в поселке Жетыбай проживает семья, которая крайне нуждается в помощи и поддержке. Недолго думая, они навестили семью, выяснили, какая требуется помощь.

...Семья Мынбаевых переехала в Мангистау несколько лет назад из ближнего зарубежья, они осели в поселке Жетыбай и начали строить дом. Однако средств хватило только на то, чтобы частично поднять стены и кое-где смонтировать так называемый черный потолок. Ситуация осложнялась еще и тем, что у Тилектес Мынбаевой пятеро детей и все они инвалиды (кроме самой старшей Жаркынай) страдают от врожденных психических заболеваний. После того как умер муж, Тилектес апа сама воспитывала детей, но недавно под грузом забот и она слегла в больницу. Теперь забота о младших братишках и сестренках легла на плечи 30-летней Жаркынай. На работу она не могла устроиться, поскольку за детьми нужен был постоянный уход. Пенсии по инвалидности (60 000 тенге), которую получала семья, едва хватало на лекарства и пропитание, а ведь еще и дом надо подготовить к зиме, где-то подлатать, где-то заделать дыры, о капитальных работах не могло быть и речи. Вот в таком отчаянном положении, когда казалось хуже уже некуда, совершенно неожиданно подоспела помощь.

- Когда мы узнали о бедственном положении этой семьи, то сразу же бросили клич, стали собирать деньги среди сослуживцев, - рассказывает сотрудник Службы Безопасности на месторождении Жетыбай Кенжебек Жайлаубаев. – Никто не остался равнодушным к чужой беде, коллеги приносили деньги, спрашивали, какая еще нужна помощь. Сначала мы передали семье 50 000 тенге на неотложные нужды. Затем собрали еще около 200 000 тенге, эти деньги пустили на ремонт дома и монтаж новой кровли, сами наняли рабочих и купили стройматериалы. Сбор средств продолжается, нашу акцию поддержали и коллеги из Каламкаса. Мы надеемся до наступления холодов установить в доме в первую очередь, систему отопления и далее по возможности завершить отделочные работы.



- У меня нет слов, чтобы выразить благодарность работникам Компании, - говорит Жаркынай. – Что скрывать было очень трудно, иногда опускались руки, и уже не было сил, и в такой непростой момент произошло, можно сказать, чудо. Знаете, материальная помощь конечно важна для нас, но еще важнее внимание и забота, которую проявили совершенно незнакомые нам люди – это вдохновляет и придает дополнительные силы. Я хочу пожелать всем кто нам помог всего самого наилучшего, исполнения всех желаний и дальнейшего процветания!

Жаркынай назвала случившееся чудом. Действительно чтобы поверить в волшебство, иногда достаточно узнать, что тебя любят. Подарите нуждающемуся человеку свою любовь и заботу, исполните желание, и тогда его жизнь станет по-настоящему волшебной. Ведь добрых дел много не бывает, не так ли?!

*Мұнайшыға - қызмет*

# БАРМАҒЫНАН БАЛ ТАМҒАН

**Ел экономикасының күре тамыры - мұнай өндірісінде, ел игілігін еселеп жатқан алып тынысты кенорындарында қызмет көрсету саласының қызметкерлері де бір сапта тынымсыз еңбек етуде. Мереке қарсаңында біздің тілшілеріміз Қаламқас және Жетібай мұнай өндіру басқармаларындағы асхана қызметкерлерінің күнделікті тыныс-тіршілігімен танысқан болатын. «Мұнайлы өлкенің» мерекелік сұхбаты - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаментіне қарасты қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің бастығы Бәймәмбет Молдақадыровпен:**



**- Баймәмбет Әлімбетұлы, мереке - ортақ, ұжымды мұнайшылар күнімен құттықтаймыз! Сіз басқаратын мекемені өндірістің тылы десек болады. Басым бөлігін нәзік жандар, апа-қарындастар құрайтын мекемені басқарудың қыры-сыры, аспаздық мәдениет туралы айтып өтсеңіз...**

- Қара қазан қайнамаған жерден берекет қашады. Ас – адамның арқауы деген адам баласы жаратылғаннан бері келе жатқан қағида. Халыққа қызмет көрсету саласындағы аса қадірлі кәсіптің аспаздық екені осыдан шығар.

Аспаздық - өнер. Білік, қабілет, кірпияздық, талғам қатар ұштасып жататын мамандық. Бармағынан бал тамған шебер де ерекше таңдап барып қонатын қасиеттен тыс емес.

Сәулетті мейманханалардың, халықтың көп бас сұғатын демалыс орындарының асханасы қалай деп таңдап баратын тұтынушы қалыптасқан мына заманда аспаздың аты озып тұрғанын мойындайық. Ал мыңдаған адамға қызмет ететін жұмысшы асханаларындағы тәулік бойы қара қазанның құлағын ұстаған әріптестеріміз ше? Сайын даланың төсінде қара жердің қойнынан қазына игеріп, елдің игілігін жасап жатқан, апталап, кейде айлап үй бетін көрмейтін мұнайшы елге қызмет көрсету, алдына сүйген асын тосу – жауаптылығынан қара нардың белі қайысатындай шаруа. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаментіне қарасты қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінде еңбек етіп жатқан қызметкерлердің қай-қайсысы да осындай еңбектің майталмандары.

**- Қаламқас, Жетібай кен орындарында, Ақтау қаласында, сервистік ұйымдардың және басқа да салалас кәсіпорындардың қызметкерлерін сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ететін кәсіпорынның тарихы өлкедегі «қара алтын» өнеркәсібінің өмірбаянымен сабақтас, қалыптасқан еңбек дәстүрі бар мекеме десек, оның бүгінгі қуаты қандай?**

- Бүгінде бөлімнің қызмет көрсету ауқымына акционерлік қоғамның Қаламқас, Жетібай кен орындары және Ақтау қаласын қосқанда барлығы 2098 адамдық орны бар 25 асхана кіреді. Аспаздардың қажырлы еңбегін боямасыз оқырманға жеткізу үшін статистиканың тілімен сөйлетсек, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ меншігінде 15 асхана, олардың 5-еуі – Қаламқас кенорнында, 6-ауы – Жетібай кенорнында және 4-еуі Ақтау қаласында орналасқан, оған қоса құрғақ азық үлесін беретін буфет пен ыстық тағамдар дайындайтын цех та бар. Сервистік ұйымдардың меншігінде 10 асхана бар, оның ішінде Қаламқас кенорнында – 5, Жетібай кенорнында – 5. Аспаздар Маңғыстауға ат басын тіреген үкіметтік делегациялар, тарихи-мәдени елдік шаралар, айтулы мерекелердегі, Ораза айт пен Наурызға бас қосқан көпшілікке дастархан дайындау дағдысынан да жаңылған емес.

Мұның үстіне Жетібай және Қаламқас кен орындарындағы наубайханаларды қосыңыз. Жетібайда 800 бөлке, Қаламқаста күніне 1100 бөлке нан шығарылады. Сонымен қатар асхана жанындағы буфетте күніне 100 кг шамасында ұннан жасалған әртүрлі кондитерлік өнім түрлері дайындалады. Наубайханалардың кен орындарында тікелей жұмыс жасауы жұмысшыларды 3 мезгіл жаңа пісірілген нанмен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Орасан зор комбинат десең де болады. Күніне 7 мыңнан астам адамға қызмет ететін алып өндіріс. Ал сол өндірістің тынымсыз тірлігін қамтамасыз етіп, үздіксіз процесті дирижердың таяқшасының сиқырындай бір арнаға қиюластыратын әр буынның өз жетекшісі бар. Мен мереке қарсаңында осы бөлім ашылғалы бері еңбек етіп келе жатқан бөлім бастығының орынбасары Гаухар Сражанова мен бас технолог Гүлсара Шайдулинаны, сондай-ақ Патима Мирманова, Бейбіт Мұханбетова, Мәншүк Рабаева, Мұстахима Масалимова сынды аға технологтарды, Вячеслав Булатов, Сәуле Есбекова, Светлана Крупина, Маржан Мүдебаева, Леонид Назаренко, Аққүміс Айтбаева, Жұмазия Нұрғалиева, Жаухар Көбен, Жұмагүл Әділова, Бақтыгүл Төретаева, Сәулеш Иманова, Гүләй Қарабаева, Гүлжамал Утеджанова, Рысгүл Жарылғасова сынды асхана меңгерушілерінің қажырлы еңбегін ерекше атап өткім келеді.



**- Баймәмбет Әлімбетұлы, бүгінгі күннің талғамы да, талабы да, сұранысы да басқа. Мұнайшыға сапалы қызмет көрсетуде қолға алынып жатқан шараларға тоқталсаңыз...**

- Бөлімде еңбекті ұйымдастырудың озық үлгілерін енгізу арқылы мұнайшыға жағдай жасау бағытында алынып жатқан шаралар өз тиімділігін беруде. Бүгінгі таңда тамақтану дербес карталармен жүзеге асырылады. 2011 жылдан бері контактысыз, яғни асханаларда терминал арқылы ыстық тамақты алуды жеделдететін жүйе іске қосылды. Жұмыстардың ұйымдастырылу әдістеріне орай мұнайшылардың кешенді тамақтануы 4-реттік, 3-реттік, 2-реттік, 1-реттік болып бөлінеді, ал үздіксіз өндірісте жұмыс жасайтын мұнайшылар үшін термостық жүйеде және құрғақ азық үлесі түрінде тамақтану қарастырылған.

Ұжымдық шартқа сәйкес өндірістік саласында қызметте жүрген барлық жұмысшылар күнделікті сүт өнімдерімен және бөтелкеленген сумен қамтамасыз етіледі.

2013 жылы компания басшысы Сунь Синъюнь мырза барлық асханаларды аралап, Басқарма тамақтану орындарын түгелдей жаңарту жобасын қолға алған болатын. Екі жылда 37 миллион теңгеге барлық асханалардағы құрылғылар техниканың соңғы озық үлгісі бойынша түгелдей жаңартылды.



Аталмыш жоба аясында өткен жылы Қаламқас кенорнында 250 орындық, биыл Жетібай кенорнында 250 және 75 орындық екі, сондай-ақ материалдық-техникалық қамту базасы аумағында 75 орындық асханалар пайдалануға берілді.

Тағы бір жүзеге асқан шара – азық-түлік, құрал-жабдықтар, технологиялық қондырғылар сақталатын қоймалар қазіргі заманға сай, әлемдік стандарттарға лайықталды. Кеңес заманынан мұраға қалған көне қоймаларды күрделі жөндеуден өткізу, жабдықтауға жасақталған арнайы шараға сәйкес қаржы бөлініп, толықтай жаңғыртылды. Бөлімнің маңызды буыны саналатын базада қойма меңгерушілері Виктория Плотникова, Жұмабике Қазиева өздерінің ұзақ жылғы тәжірибесін жастармен бөліскен еңбек үздіктері.

**- Отандық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау аясында Маңғыстау өңіріндегі кәсіпкерлерімен байланыс орнықтырған алғашқы мекемелердің бірі – біздің компания. Іргесіне өндіріс қонған шаруаның өнімдеріне сұраныс қалай?**

- 2013 облыс әкімі Алик Серікұлы Айдарбаев Маңғыстау ауданы ауылдарын аралап халқымен кездескендегі ауылдықтардың көтерген мәселесі – шаруа қожалықтарының өнімдерін мұнай компанияларына өткізу жайы болатын. Әкім облыстың ауыл шаруашылығын қолдау жөнінде аса маңызды шешім қабылдап, «Каспий» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен жергілікті ауыл шаруашылығы өндірушілерінің арасында іскерлік байланыс орнықты.

Міне, екі жылдан бері Таушық ауыл шаруашылығы серіктестігі шұбат, Жаңаөзен сүт зауыты, «Ақтау-Сүт» кәсіпорны сүт, «Сенек», «Кинах Шопан», «Қарағантүбек» серіктестіктері компанияны ет өнімдерімен қамтамасыз етуде. Маңғыстау ауданының шаруа қожалықтары белсенді бастаған науқанға биыл Бейнеу, Мұнайлы ауданының шаруалары да қосылып, түйе, жылқы және қой етін жеткізуге кірісті.

2015 жылы 547 млн. теңге көлемінде меморандумға қол қойылды. Компания басшысы Бақыт Иманбаевтың тапсырмасы бойынша өткен жылмен салыстырғанда биыл ауылдықтардан 70 тонна ет артық алынады.



Жаз басталғалы Маңғыстау жерінде өсірілген жергілікті көкөніс те қабылдануда. «Сұлтан» кәсіпкерлігі бақшасының қияр, қызанақ, қарбыздары мұнайшылардың ас мәзірінен орын алды. Бұл екі жаққа да тиімді келісім болғанын айтқым келеді. Жаңа сойылған мал еті, сүт, шұбат, көкөніс жолсоқты болмай, мұнайшылар дастарханына тіке тартады. Үйреншікті тамағы алдына барған мұнайшы да риза, қыстың суығы мен жаздың аптабында маңдай терімен тапқан өнімін базар іздеп сатудан мойны босаған ауылдың адамының да көңілі тоқ. Осындай игі істің бастауында облыстық мәслихаттың депутаты, «Қаламқас» мұнай өндіру басқармасының бастығы Нұрпейіс Сәрсенбайдың еңбегін ерекше айта кеткен жөн. Оның депутаттық сауалы игілікті іске түрткі болды.

Жалпы, мұнайшыларды тағамдармен қамтамасыз етудегі басым бағыт – өнім өндірушімен тікелей жұмыс жасау. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен 1,700 млн. теңгеге келісім-шарт жасақталып, 23 компанияның өнімдері өндірушіден мұнайшы асханасына делдалдарсыз жеткізілуде.

**- Әр еңбек ұжымының қалыптасқан ішкі тірлігі, өз дәстүрі болады. Ең бастысы – ұжымның мүшелері, қарапайым еңбек адамдары...**

- Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Терлеп еңбек етпегеннің тілегіне жеткенін көргенім жоқ» деген аталы сөзі бар. Осы ұлағатты нақылды берік ұстанып, маңдай терін төгіп еңбек етіп жүрген алтын қолды аспаздарымыз - Гүлзира Торғаева, Иван Саенко, Рысқүл Елеуова, Сағынгүл Елеуова, Андрей Башкатов, Нәсіп Сәрсекенова, Бұрышхан Болатова, Асрор Хомидов, Жеміс Есдәулетова, Шахрилло Декхонов, Жамал Баймағамбетова, Рахила Бүркітова, Бибігүл Дәулетиярова, Айза Масаева, Мүслима Бетімбаева, Асек Токобаев, Жайсұлу Тугултаева, Гүлфара Қалменшеева, Айман Досниязова, сондай-ақ Зәуреш Шуақбаева, Аққүміс Тілеужанова, Жібек Нұржанова, Алтынгүл Әділова, Бөбек Байтжанова, Айнагүл Дәуітова, Қалжан Сәркенова сынды наубайшылар, асхана жұмысшылары Ақмарал Нұғыманова, Тайибат Амирханова, Мая Тұрбергенова, Болия Мақанова, Ләззат Шоматова ұзақ жылдардан бері мұнайшы асханасының суымен кіріп, күлімен шыққан деп айтатын нағыз өз ісінің шеберлері. Сан ұлттың басын қосқан ұжым - Қаламқаста күніне үш мың жарым адамға, Жетібайда үш мыңнан астам адамға, Ақтауда 800-ге тарта адамға қызмет ету үшін таңмен таласа оянып, түнді қайнаған қазанның қасында келесі таңға алмастыратын тірлік майталмандары бүгін қандай алғысқа да, қандай марапатқа да лайық. Сөзімнің соңында, өзім басқаратын ұжымды төл мерекемізбен құттықтаймын. Әр отбасында амандық, жарастық, қызық пен қуаныш көп болғай! Зор денсаулықта болыңыздар!

**- Баймәмбет Әлімбетұлы, сұхбатыңызға үлкен рахмет! Өзіңізге де мереке құтты болсын!**

**Арайлым Ақшаева**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# «ОСК»-нің ОРДАЛЫ КӘСІПОРЫНДАРЫ



Әлемдік аренада өзіндік орны бар қазақ мұнайының еліміздің өркендеуіне, экономикамыздың қарыштап дамуына қосатын үлесі зор. Сонау есте жоқ ескі замандарда қара жерден қауғалап мұнай тартып, түйелі көштің қомына бөшкелеп мұнай артқан мұнайшы бабаларымыздың ерен еңбегін бүгінгі таңда қазіргі жас ұрпақ жалғастырып келеді. Жердің терең қабатында жатқан «қара алтынды» халықтың қажетіне жарату үшін қаншама адамдар еңбек етіп, маңдай терлерін төкті, қаншама кәсіпорындар құрылып, сол ондаған өндіріс орындарында жүздеген техникалар мен мыңдаған мамандар күндіз-түні бел шешпей еңбек етіп келеді.



Осындай ел игілігі үшін еңбек етіп жатқан іргелі кәсіпорындардың бірі – Ақтау қаласының шетінде орналасқан «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты жеңіл автокөлік паркі. Мекеме өткен ғасырдың 1995 жылдары «Шегендеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып құрылған болатын. Кейін 2001 жылы «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрамына еніп, жеңіл автокөлік паркі болып, аты өзгертілді.

Мекеменің негізгі қызметі – ұңғыларды бұрғылау, жер асты жөндеу және күрделі жөндеу. Қазіргі таңда цех құрамында 13 ауыр салмақты жүк көлігі, 14 жеңіл автокөлік, оған қоса цементті анализ жасау цехы, құбырларды қайтадан өңдеу цехы және өндірістік оқу комбинаты бар. Цехта көліктердің кіріп-шығуын реттеп отыратын үйлестіруші, жүргізушілердің денсаулығын тексеріп отыратын медбике, бұзылған техникалардың ақауын жөндеп, қайтадан жұмысқа шығуға мүмкіндік жасайтын жөндеушілер, дәнекерлеушілер, токарьлар, механиктер – барлығы 63 адам қызмет етеді. Олар Қаламқас және Жетібай кен орындарына күнделікті тапсырыс бойынша техникаларды жөнелтіп, қоймалардан автокөліктердің қосалқы бөлшектерін, ұңғыларға қажетті химиялық ерітінділерді және т.б. қажеттіліктерді межелі жеріне жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыру үшін автокөліктер, арнайы техникалар қажет екені белгілі. Бүгінгі таңда жеңіл автокөлік паркінің қызметкерлері өздеріне берілген барлық міндеттерді абыроймен атқарып келеді.

Жылдың қай мезгілі болмасын, күннің ыстығы мен суығына, қар мен жаңбырына, тұман мен топырағына қарамастан мұнайшыларды керекті көліктермен қамтамасыз етіп тұрған жүргізушілердің еңбегі мақтан тұтуға лайық. Осындай еселі еңбегімен көзге түсіп жүрген жандардың қатарында зейнеткерлікке жасы таяп қалса да, өзінің өнегелі ісімен жастарға үлгі болып, әрдайым ақылдарын айтып жүретін Орынғали Өтелгенов, Қази Отаров, Базарбай Дүйсенов, Сабыр Қарашолақ, Сабыржан Беген, Халел Құсайынов атты ағаларды атауға болады. Сондай-ақ жұмыстарына тиянақты да жауапты мамандар Қуанбек Шоңқалов, Оразғали Түлкібаев, Данабай Садықов, Балшықбай Бисекенов сияқты алғы буын ағалардан тәлім-тәрбие алып, мамандықтарын шыңдап жүрген жастар да баршылық. Олар: Шәкен Балеков, Арыстан Қабылов, Айбек Үбиев, Өмір Оразов және т.б.

Осындай техниканың қыр-сырын жетік меңгерген білікті мамандардың арқасында бүгінде қолда бар техниканың жұмыс жасау мерзімі 10-15 жылдан асып кетсе де, көліктер жұмыс жоспарларын уақтылы орындап, міндеттерін мінсіз атқарып келеді. Бұл арнаулы паркті Болат Молдабаев есімді азамат басқарады.



«Қарамағындағы жұмысшылардың абыройлы да жауапкершілікпен жұмыс жасауы – жақсы басшының арқасы» десек, артық айтқандық емес.

Сонымен қатар осы жеңіл автокөлік паркінің жанында орналасқан оқу өндірістік комбинатының да өндіріске мамандар әзірлеуде алар орны айрықша. Комбинат 1997 жылы жұмысшылардың білімін толықтыру және өндіріске қажетті мамандар дайындау мақсатында құрылған болатын. Бүгінгі таңда сол алға қойылған мақсатқа абыроймен қол жеткізген серіктестік Жетібай, Қаламқас кен орындарындағы өндірістік басқармалардан түскен сұраныстар бойынша жұмысшыларды өндіріс талаптарына сәйкес қайта даярлап, керекті мамандықтар бойынша біліктіліктерін жетілдіреді. Жұмысшылардың жақсы білім алуы үшін арнайы құралдармен қамтылған және әдіскері мен өндірістік оқытушы шебері бар сыныпта оқу дәріс түрінде жүргізіліп, емтихандар компютер арқылы тест түрінде қабылданады.

Оқу өндірістік комбинатының басшысы Қыдырғали Демегенов болашақта оқу полигондарын жасақтау және өндіріс орындарында қажетті құралдармен қамтылған оқу сыныптарын ашуды жоспарлап отырғандарын айтты. Біз бұл мақсаттың да ойдағыдай болып жүзеге асарына кәміл сенеміз.

Ендеше аталған кәсіпорын ұжымдары алға қойған межелі міндеттеріне абыроймен қол жеткізіп, қиындығы мен қуанышы қатар жүретін еңбек жолында мекеме қызметкерлерінің әрбір арайлап атқан таңдары тек қана сәттілік пен көтеріңкі көңіл күй сыйласын деп тілейміз.

**«Oil Services Company» ЖШС.**

# ӨЗГЕРІС БАРДА - ӨСУ БАР



Экономиканың жаңа серпін алып отырған маңызды салаларының өкілдері – құрылысшылардың төл мерекесін, Қазақстан мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесін жағымды жаңалықтармен қарсы алып жатырмыз. Қашанда ең бейбіт және жасампаз кәсіптің иегерлері саналатын құрылысшылардың қызметі бүгінде түрленіп, сан-сала бойынша мамандандырылды. Осындай салалық мұнай-газ кен орындарын жайластырумен айналысатын «Oil Construction Company» ЖШС – ұдайы өзгеріп отыратын нарыққа бейімделе отырып, заман талабына сай қызмет етіп келе жатқан кәсіпорын. Әлемдік дағдарыстың салқыны біздің өлке кәсіпорындарында да сезіле бастаған кезден бастап ежелден еншілес мекемелерден басқа жерлерден жұмыс көлемін алып, табыс көзін іздеу керек болды.

«ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ «Маңғыстау облысы елді мекендерінде газ тарату тораптарын жаңғырту, қайта құрылымдау және жаңадан салу» жобасы аясында облысымызды шетінде орналасқан Бейнеу ауылы көшелерінде газ құбырын тарту, Таушық-Жыңғылды жоғары қысымды жер асты газ құбырын тарту және «ҚазТрансОйл» АҚ Қаражанбас кен орнында шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік кәріздерді қайта құрылымдай отырып, шаруашылық-тұрмыстық ағын суларға арналған тазарту қондырғыларын салу, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС Қаламқас кен орнында 400 автокөлікке арналған өндірістік-техникалық база құрылысының жұмыстары осындай жобаларға жатады.

Бейнеудегі жұмыс нысанында алғашқы лек – 15 қызметкер жұмыс істейді, трасса жолы белгіленіп, тіреулері дайын тұр, құрылыс материалдарын сатып алу жүріп жатыр.

Таушық-Жыңғылды жоғары қысымды жер асты газ құбырын тарту нысаны бойынша жалпы ұзындығы 28,715 км полиэтилен құбырын, 1,7 км болат құбыр салу көзделген. Құбырлар жұмыс орнына жеткізілді, тіреу тұғырықтары мен оның астына төселетін табандары дайын болып қалды. Бұл нысанда әзірге 4 арнайы техника және бастапқы 12 қызметкер еңбек етеді. Сөйтіп, Маңғыстау облысы тарихында бірінші рет жоғары қысымды полиэтилен газ құбырларын салу жұмысы іске асырылуда.



Қаражанбас кен орнында жұмыс атқарылатын аумақты тегістеуге автогрейдер және бульдозер, қазаншұңқырлар қазуға тиегіш-экскаваторлар тартылды, компост алаңқайы құйылды, блок-боксты арматуралау толықтай аяқталып, бетон құюға дайын. Бұл нысанда 3 арнайы техника және 12 қызметкер еңбек етіп жатыр.

Сонымен қатар «Урал Ойл энд Газ» ЖШС кен орнын жайластыру, «Өзенмұнайгаз» АҚ тік болат сұйық қоймаларды қайта құрылымдау жұмыстарын атқаруда.

Жаңа жұмыс түріне қарай құбыр құрастырушы жұмысшы мамандарға қосымша полиэтилен құбырлар жіктерін пісіру мамандығы оқытылып, аттестаттаудан өтті. Жалпы, серіктестік бойынша жұмысшылардың барлығы өртке қарсы-техникалық минимум бойынша куәландырудан өткен.

Ірі құрылыс жобалары жүзеге асырылып, небір күрделі нысандар бой көтеруі бәсекеге қабілетті, біліктілігі жоғары мамандардың ерен еңбегінің арқасында жүзеге асырылып отыр. Ескінің күймесімен алысқа ұзамайтындығын білетін серіктестіктің жұмысшылары жаңа уақыт талабына қарай жаңаша жұмыс істеу керектігін жақсы түсінеді.

Қызметкерлердің жаңа жұмыс нысандарына бару-келу жолы, жататын орны және ыстық, құрғақ тамақтармен қамтылуы мекеме есебінен жақсы жолға қойылған.

Негізгі мақсатымыз – тапсырыс берушінің барлық талаптарын қамтамасыз ететін және қанағаттандыратын қызметтер кешенін барынша қысқа және кепілдік берілген мерзім ішінде сапалы түрде орындау.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолында «Oil Construction Company» ЖШС-нің қалыптасқан әлеуеті, құрылыс саласында өз орны бар. Өз жұмысымызда біз барлық қол жетерлік мүмкіндіктер мен құралдарды пайдаланамыз, соның ішінде: жаңа технологияларды қолдану; қолданыстағы, сертификатталған сапаны басқару жүйесі; қызметкерлердің кәсіби деңгейі мен біліктілігін әрдайым көтеріп отыру; инновациялық тәсілдер мен заманауи техникалық шешімдер; жобалауды тиімді басқару; бұрынғы жүзеге асырылған жобалардың нақты тәжірибесін пайдалану.

Еліміздің мұнай-газ кешені қызметкерлерімен біздің қағидаларымыз, мақсаттарымыз бен жұмыстағы нормалар туралы ұғымдарымыз, мүдделеріміз ортақ. Құндылықтардың ортақтығы және біздің әрекеттеріміздің біріздiлігі корпорациялық стратегияны іске асыруға бағытталады.

Бүгінде осы кәсіби мерекелерге орай еліміздің ажарын ашатын, айбарын асқақтататын келісті келбетінің көркеюіне мұнай-газ кешені қызметкерлерінің қосқан үлестері көз сүйсінтерлік. Әріптестеріміздің алдағы уақытта да өркениетті еліміздің өсіп-өркендеуі жолында толағай табыстарға жете берулеріне тілектеспіз. Оларға сарқылмас күш-қуат, еңбектеріне таусылмас жетістік, отбасыларына ортаймас бақ-ырыс тілейміз!

**А.ЕСБОСЫН,**
*«Oil Construction Company» ЖШС*

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# «ОТК»-дағы ОҢ ІСТЕР




Жуырда «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің қызметкерлеріне жаңа көліктердің кілті табыс етілді. Сөйтіп, серіктестік паркі 14 өзі аударғыш автокөлікпен, 4 автокранмен және гидродинамикалық зерттеулерге арналған жылжымалы екі стансамен толықты. Барлық көліктер Қазақстанда жасалған.

Жалпы, компанияның ұстанған негізгі принципі – әрдайым отандық өндірушілерді қолдап отыру. Сондықтан да қашаннан бері қалыптасқан дағды бойынша бұл жолы да тек отандық автокөліктер ғана сатып алынды.

«ОТК» басшылары жаңа техникалардың кілттерін жүргізушілерге салтанатты түрде табыс етті. «Айта кету керек, соңғы жылдары «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің паркі айтарлықтай жаңартылды. 2012 жылы 201, 2013 жылы 132 арнаулы техника сатып алынды. Соңғы екі жылда 83 техника сатып алу жоспарланған болатын. Қазіргі таңда соның 57-сі алынып, өндіріске қосылды», - деп атап өтті компания директоры Б.Ахбелов.



Осының өзі серіктестік жұмысшыларының еңбекке деген белсенділігін көтеріп, жұмыс істеуге деген құлшынысын арттыратыны сөзсіз.

Жалпы, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС 2011 жылы «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ-ның құрамына енгеннен бері жұмысшылардың еңбек және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында көптеген игілікті іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл жолғы шара да – осы бағыттағы оң қадамдардың бірі.

* * *



Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешенінің қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында жыл сайын өтетін дәстүрлі жазғы спартакиада биыл тамыз айының 14-21 жұлдыздары аралығында өткізілді. Спартакиадаға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ойл Констракшн Компани» ЖШС, «Ойл Сервис Компани» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің командалары қатысты.

Сайыс кезінде «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС қызметкерлері жоғары жетістіктерге жетіп, үздік деп танылды. Атап айтқанда, шахматтан Жамбыл Сәбитаев, тоғызқұмалақтан Жансая Иманова, мылтық атудан Сергей Шилин бас бәйгіні қанжығаға байласа, Есен Малаев тоғызқұмалақтан екінші орынға, Гүлбану Сатыбалдиева, Асыл Исатаева, Есен Шихин, Бекзат Беккалиевтар эстафеталық жүгіруден үшінші орынға ие болды.

Ерлан Өтеулиев, Мейрамбек Дүйсембаев, Орақ Еспанов, Рашид Абдуллин, Жәнібек Әбішев, Бекзат Беккалиев, Бағдат Серіков, Талғат Аяпбергенов, Рүстем Ғимран, Жомарт Мүлдебеков сияқты әрдайым жанына спортты серік еткен жас жігіттерден құралған серіктестіктің волейбол командасы да жүлделі үшінші орынды иеленді.

* * *

Сондай-ақ осы жылдың 15 тамызы күні «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС бойынша кәсіби шеберлікті анықтау мақсатында «Өз мамандығының үздігі» сайысының ақтық жарысы болып өтті. Жарысқа серіктестік қызметкерлері жоғары белсенділікпен қатысты.

Сайыс қорытындысында жүргізушілер арасында «ПАЗ» автокөлігі бойынша: 1-орын – Батыржан Жарылғаевқа, 2-орын – Айтқали Жантілеуге, 3-орын – Бердіхан Қанатбаевқа, «ГАЗ-3308» автокөлігі бойынша: 1-орын – Жеңіс Жарылғаевқа, 2-орын – Қанат Рахимовқа, 3-орын – Таңат Қалниязовқа, «КАМАЗ» автокөлігі бойынша: 1-орын – Бектұрған Гаюповке, 2-орын – Қуанышбек Өтегеновке, 3-орын Бекболат Құлбековке берілді.

Ал электр жабдықтарын жөндеушілер арасында: 1-орынға – Бекзат Шамғұлов, 2-орынға – Серік Шопанов, 3-орынға – Қанатбай Ұзақбаев, агрегат жөндеушілер арасында: 1-орынға – Мейрамбек Дүйсембаев, 2-орынға – Марат Бәшенов, 3-орынға – Қуаныш Төлепов, іштен жанатын қозғалтқышты (ДВС) жөндеушілер арасында: 1-орынға – Нурулла Абдихаликов, 2-орынға – Нұралыхан Сабыров, 3-орынға Бихамд Есболаев ие болды.

«Өз мамандығының үздігі» атанған «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» қызметкерлер серіктестік басшылығының арнайы дипломдарымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Біз осы аталған барлық әріптестерімізді озық жетістіктерімен құттықтап, алдағы уақытта да биік белестер мен асқар асулардан көріне беруіне тілектестік білдіреміз.

**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС**

# МЕТРОЛОГИЯ – НАУКА ОБ ИЗМЕРЕНИЯХ

**Метрология – это один из основных моментов нашей жизни. Оглянитесь и вы увидите, что метрология – это наша жизнь, наполненная измерениями. Как говорят современные физики – «если что-то невозможно измерить, то говорить о его существовании не имеет смысла».**

Одним из видов деятельности, ТОО «Мунайтелеком» является метрологическое обеспечение производства. В 2002 году, был создан небольшой участок по ремонту средств измерений, с минимальным количеством оборудования, на котором и производилась починка этих самых средств. Со дня создания и по сегодняшний день руководит участком Щекин Александр Сергеевич, внесший огромный вклад в развитие и становление цеха, подготовивший немало достойных специалистов.

В 2003 году в цеху начали функционировать две лаборатории: по ремонту средств измерений и по поверке средств измерений.

Специалистами ТОО «Мунайтелеком», были подготовлены документы для получения лицензии на право ремонта средств измерений и аттестата аккредитации на право поверки средств измерений. Лицензия на право ремонта включала в себя все средства измерения, эксплуатируемые на нефтегазовом комплексе; аттестат аккредитации включал в себя минимальные работы по поверке: такие как поверка манометров и градуировка резервуаров. Но на тот момент это был большой шаг вперед для предприятия.

В 2006 году было построено новое здание под поверочные лаборатории, установлено оборудование и организованы лаборатории по поверке средств измерений.

За время своей работы цех четыре раза подтверждал свой аттестат аккредитации на право поверки средств измерений с последовательным расширением по видам деятельности.

На сегодняшний момент лаборатория по поверке средств измерений включает в себя семь видов выполняемых работ: поверка манометров общего назначения, включая электроконтактные манометры, поверка кислородных манометров всех типов, поверка газовых счетчиков и др.



Поверители ТОО «Мунайтелеком» (Р.С. Сиындыков, Р.К. Таджибалиева, С.Д. Есмагамбетов и многие другие) занесены в государственный реестр поверителей РК и имеют право работы по всей территории Казахстана и стран таможенного союза.

Без ложной скромности можно сказать, что на сегодняшний день цех метрологического обеспечения ТОО «Мунайтелеком» является одним из лучших в регионе.

Мир не стоит на месте и специалисты ТОО «Мунайтелеком» в области метрологии постоянно занимаются самообразованием, пополняя и расширяя свои знания, совершенствуя работу по достоверности измерений и постоянно стремясь к точности измеряемых параметров.

***ТОО «Мунайтелеком»***

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұжымдық шартқа және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері балаларының оқуын қаржыландыру» Ережесіне сәйкес Қоғам қызметкерлері балаларының 2014-2015 оқу жылында жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін материалдық көмек көрсетуге құжаттар қабылданатынын қаперіңізге береміз (магистратура, аспирантура, докторантурадағы оқулардың, дайындық және тіл курстарына, подкурстарына (foundation) және сырттай оқулардың ақыларын төлеуге өтініштер **қабылданбайды**).

**Тапсырылуға тиісті құжаттардың тізбесі:**

1. Қызметкердің оқу ақысын төлеуге жазған өтініші (үлгі бойынша толтырылған);
2. Студенттің жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындары берген растаушы құжаттары;
3. Студенттің сынақ кітапшасы немесе орта мектепті бітірушінің аттестаты;
4. Студент пен жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындары арасындағы жылдық оқу ақысы көрсетілген оқу шартының көшірмесі;
5. Қызметкердің некеге отыру туралы (ажырасу туралы) куәлігі.

Құжаттар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кеңсесінің ескі ғимаратының холында **2015 жылғы 25 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында** күн сайын (сенбі және жексенбіден басқа күндері) сағат 14.00-ден 16.00-ге дейін қабылданады.

**Өткен оқу жылының ақысын төлеу туралы растаушы құжаттарды (түбіртектерді) тапсырмаған қызметкерлердің өтініштері үстіміздегі жылы қабылданбайды.**

Барлық көкейтесті мәселелер бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады: Ақтау қ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кеңсесінің №1 ғимараты, №303 кабинет, тел.: 211-356.

## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Настоящим доводим до Вашего сведения, что согласно Коллективному договору и в соответствии с «Правилами финансирования обучения детей работников АО «Мангистаумунайгаз» будет производиться прием документов на оказание материальной помощи для оплаты за обучение детей работников Общества на 2014-2015 учебный год в высших и средних специальных учебных заведениях (заявления на оплату за обучение в магистратуре, аспирантуре, докторантуре, а также на подготовительные, языковые курсы, подкурсы (foundation) и по заочной форме обучения **не принимаются!**)

**Перечень документов, которые необходимо представить:**

1. Заявление работника на оплату обучения (заполненное по форме);
2. Справка с ВУЗа (СУЗа), подтверждающий статус студента;
3. Зачетная книжка студента, или аттестат выпускника среднего учебного заведения;
4. Копия договора обучения, заключенный между студентом и ВУЗом (СУЗом) с указанной стоимостью обучения за год;
5. Свидетельство о заключении брака работника (о расторжении брака).

Прием документов будет осуществляться в холле старого здания офиса АО «Мангистаумунайгаз» **с 25 августа по 25 сентября** 2015 года ежедневно (кроме субботы и воскресенья) **с 14-00ч. до 16-00ч.**

**Заявления работников, не сдавшие подтверждающие документы (квитанции) об оплате за обучение в прошлом году, в текущем году приниматься не будут.**

По всем интересующимся вопросам обращаться по адресу: г.Актау, 6 мкр., здание №1 офис АО «Мангистаумунайгаз», кабинет №303, тел: 211-356.

*Салауатты өмір салты*

# «ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДА-2015»

Ағымдағы жылдың 14-ші және 19 тамыз аралығында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы бастамасымен мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы және «ОСК» ЖШС, «ОКК» ЖШС, «ОТК» ЖШС, «МЭМ» ЖШС сервистік компаниялар командалары арасында жазғы спартакиада өтті.

Спартакиаданы ұйымдастырудағы мақсат - мұнайшылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту. Жоғары дәрежеде өтетін спорттық ойындарда Компанияның абыройы мен беделін қорғайтын мықты команданы іріктеу.

Спартакиада бағдарламасына енген шағын футбол, волейбол, шахмат, шашки, баскетбол, көздеп ату, бильярд, тоғызқұмалақ, үстел теннисі және жүгіру сынды спорттық ойындардың он түрінен сайысқа түскен командалар арасындағы тартысты додалар қызу өтті. Спорт ойындардың ақтық мәрелерінде спортшылардың жеңіске деген ұмтылысы көрініп-ақ тұрды. Ақтық мәреде «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан жеңімпаздар ұйымдастыру алқасының жүлдесімен марапатталды.

Атап айтқанда, волейболдан шешуші ойында «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы командасы «OSK» командасымен бәсеке түсіп, спартакиада жеңімпазы атанды. «ОТК» волейбол командасы үшінші орынды қанағат тұтты.

Шағын футбол бойынша «OSK» командасы жеңіс тойын тойлады. Екінші орынды «ОСС» командасы иемденіп, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам командасы үшінші орынға тұрақтады.


«ММГ» компаниясының баскетбол командасы

Баскетбол спорттық сайысында «ОСС» командасы жеңіс тұғырына көтерілсе, «OSK» командасы екінші орынды қанжығасына байлады. Үшінші орында «МЭМ» баскетбол командасы.

Қызықты да тартысты өткен үстел теннисінде әйелдер арасында Р. Исламғалиева («ОСС»), ерлер арасында Б. Ускумбаев («МЭМ») жеңімпаз атанса, өткен жылғы жарыс жеңімпаздары «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам қызметкерлері М. Ізбасқанова мен С. Тілегенов екінші орынға разы болды. Үшінші орынды А. Жайлаубаева («МЭМ») мен Б.Құлмұрынов («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ) иеленді.

Көздеп ату сайысында С. Шилин («ОТК») жеңімпаз деп танылып, екінші және үшінші орындарды Ж. Жетімек («Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы) пен О. Обижаев («Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы) өзара бөлісті.



Тартысты ойын сәті

Шахмат турнирінде «ОТК» қызметкері Ж. Сабитаев бірінші орынды жеңіп алса, екінші орынды «Мұнайтелекомнан» келген Ю. Тюлин иемденіп, үшінші орынды «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам қызметкері А.Таусаров меншіктеді.

Дойбы және тоғызқұмалақ секілді спорт түрлерінен сайыстар алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Дойбыдан ерлер арасындағы сайыста бірінші және екінші орын «OSK» қызметкерлері М. Үрлеубаев пен У. Базарбаевқа бұйырды. Үшінші орында - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам қызметкері А. Таусаров. Әйелдер арасында бірінші орында Р. Исламгалиева («ОСС» ), екінші орында А. Игильманова («МЭМ» ), үшінші орында А. Сүйжанова («Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы).

Тоғызқұмалақ сайысы бойынша ерлер арасында М. Қылышов («ОСС»), Е. Малаев («ОТК») және У. Базарбаев («OSK»), сонымен қатар әйелдер арасында Ж. Иманова («ОТК»), А. Қожалақова («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), Б. Асабаева («МЭМ») жеңімпаз атанды.

Сондай-ақ, бірінші рет ұйымдастырылып отырған тағы бір спорт түрі - жеңіл атлетика. Бұл сайыста бірінші орынға «ОСС», екінші орынға «OSK» және үшінші орынға «ОТК» жеңіл атлеттері көтеріліп, қанжығалары майланды.

Спартакиада өзіндік ерекшелігімен қызықты болған бильярд ойыны да өз жеңімпаздарын тапты. Бұл сайыста «Мұнайтелеком» қызметкері А. Күмісбай топ жарды. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам ойыншысы Т. Ғалиев екінші орынға тұрақтап, үшінші орынды «OSK» ЖШС ойыншысы Н. Иманғазиев жеңіп алды.

Жалпы, спартакиада компания қызметкерлерінің саламатты өмірге құлшынысын арттырып, мұнайшыларымыздың спортқа деген ынтасын жігерлендірді. Бұл спартакиада жеңімпаздары алдағы уақытта компаниямыздың намысын республикалық деңгейде өтетін сайыста қорғайтын болады.

Осылайша дүбірге толы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және сервистік компаниялар арасында өткен жазғы спартакиада өз мәресіне жетіп, ынтымағы жарасқан ұжымның бірлігі мен берекесін бекемдеп, рухын асқақтатты.

*Тәні саудың - жаны сау*

# Осы жұрт Сұлтангерейді біле ме екен...

Қаламқас кенорны жұмысшылар қалашығындағы еңселі спорт ғимараты қашанда адам арылмайтын орын. Өндірістің қым-қуыт тіршілігі кеш ауа құдды осы алаңға ауатындай. Компания басқармасының қаржыландыруымен осыдан 3 жыл бұрын бой көтерген спорт ғимаратында спорттық дейсіз бе, мәдени дейсіз бе мұнайшылардың басын қосатын шаралардың қыз-қыз қайнап жатқанына куә боласыз. Жол түсіп, Қаламқас кенорнындағы домбыра-пати кешіне барғанымызда біздің де көзімізге әсем ғимараттың фойесінде тұрған үздік спортшылардың фотосуреттері оттай басылды.

Бүгін аудандық, одан қала берді облыстық деңгейдегі спорт жарыстарының алдын бермей келе жатқан өндірістегі өрендер туралы айтқанды жөн көріп отырмын. Біздің мерекелік әңгімеміздің кейіпкері - шәкірт тәрбиелеп, талай жастардан нағыз спортшы-жеңімпаз шыңдаған, спорт саласының үздігі, үстел теннисінен облыстың бас жаттықтырушысы Сұлтангерей Тілегенов.

**- Сұлтангерей Тілегенұлы, әңгімемізді спорт саласына қалай келгендігіңізден бастасақ?!..**

- Ауылда өскен ойын баласының қашанда спортқа бейім, шынболаттай шымыр болатыны белгілі ғой. Бала кезден, сонау мектеп қабырғасында спортқа деген қызығушылығым ерекше болатын. Волейболдан, футболдан өткізілетін спорттық жарыстарға қатысып, мектебіміздің намысын қорғаймыз. Сол ынта кейін тағдырымды айқындады. Мамандық таңдап, өмірлік бағытымды таңдайтын тұста еш ойланбастан Қарағанды педагогикалық институтының физкультура факультетіне тапсырдым. Бала күнгі арманыма қол жеткіздім десем де болады. Ауылға келгесін, 1995 жылы Қаламқас кенорнына спорт нұсқаушысы болып жұмысқа орналастым.20 жылдан бері осы саланың ыстық-суығындамыз.

**- Қаламқас спортына кеңінен тоқталып өтсеңіз, мұнайшылар аймағында спорттың қандай түрлері жақсы дамыған?..**

- Қаламқас спортының қазіргі таңдағы бағытында ілгерілеу қарқыны басым. Волейбол, футбол, қазақша күрес, үстел теннисіне деген жастардың қызығушылығы жоғары. Жұмыстан қолы қалт етсе, спорт залына қарай асығатын жастарды көптеп кездестіремін. Тұрақты өтіп тұратын сан түрлі спорттық жарыстар да мұнайшылар арасында салауатты өмір салтын орнықтыруға, дене тәрбиесін насихаттауға ерекше ықпал етіп етуде. Еткен еңбек пен төккен тердің зая кетпегендігі шығар. Осы спорт түрлерінен байрақты бәсекелерде жеңіс тұғырынан көрініп, өндіріс ошағының ғана емес, өскен өлкесінің абыройын асқақтатып, мақтанышына айналған спорт саңлақтарымыз жетерлік. Әріптестерінің жеңісі көптеген ұлдар мен қыздардың спортпен айналысуына септігін тигізді деп анық айта аламын. Себебі, спортпен кәсіби тұрғыда айналыспаса да, әуесқойлық танытып, мұнайшылар арасында өткізілетін жарыстарда көзге түсіп жүрген жастарымыз өте көп. Біздің мұнайшылар қай додаға салса да жеңіссіз оралмайды.



**- Сіз өлкедегі үстел теннисінен белгілі жаттықтырушысыз, "Ұстаздан-шәкірт озар" демекші, шәкіртіңіз спорт шебері Майра Избасханованы спорттың бұл түріне қалай алып келдіңіз?**

- Майраға бұл спорт түрі таңсық емес. Бұдан бұрын да спорттың осы түрінен талай жетістіктерге жеткен. Мендегі мақсат – Майраға дұрыс бағыт-бағдар беру болды. Еңбегім еш кеткен жоқ деп ойлаймын, Майра айтқан әдістер мен көрсеткен тәсілдерімді лезде қағып алып, ойыншы үшін аса қажет тас түйін мінезді, қайтпас қайсарлықты, жылдамдықты, нәзік саясатты терең меңгеріп, ультрашабуылшы спортшыға айналды. Шәкіртімнің бойындағы үстел теннисіне деген айрықша сүйіспеншілігі туа бітті дарын болса керек деп ойлаймын.

**- Бүгінде мұнайшы жастарды спортқа баулып, шәкірт тәрбиелеп отырған білікті мамансыз. Өндіріс пен спортты ұштастырып жүрген мұнайшы жастардың жеткен жетістігімен бөлісе отырыңыз...**

- №1 мұнай өндіру цехының мұнайшысы Манас Иманқұлов 2012 жылы Орал қаласында өткен қазақ күресінен Әлем чемпионатының қола жүлдегері, "ОСК" мекемесінен Сапар Нұрмұханбетов 2014 жылы Алматыда өткен джи-джитсудан Қазақстан чемпионы, тұрғын үйлерді пайдалану цехынан Майра Ізбасханова 2011 жылы Астана қаласында өткен үстел теннисінен 3-орын, жуырда Ақтау қаласындағы ардагерлер арасында өткен Қазақстан чемпионатында 1-орын алып, спорт шебері атағын иемденді. Тәттігүл Аманшаева да үстел теннисінен 2015 жылы Ақтау қаласында өткен Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері.

**- Үстіміздегі жылдың сәуір айында Ақтау қаласындағы Ардагерлер арасында өткен Қазақстан чемпионатында 1-орын алып, спорт шебері атағын алғаныңыздан хабардармыз. Үстел теннисінен 25-жылдық тәжірибеңіз бар, білікті маман ретінде Маңғыстаудағы үстел теннисінің болашағы туралы не айтар едіңіз?..**

- Жалпы, үстел теннисі өлкемізде енді-енді жолға қойылып, қаз тұрып келе жатыр. Биыл Маңғыстау облысында үстел теннисінің Федерациясы ашылды. Жылдар бойы осы спорт түрімен айналысатын залдардың жоқтығы және жаттықтырушы мамандардың тапшы болуы біраз қолбайлау болған. Енді ол мәселе де шешілді.Жақында Алматы қаласынан үстел теннисінен спорт шебері Ольга Подберезкина мен Әлішер Рахымбаев сынды кәсіби мамандар алынды. Маңғыстау облыстық спорт басқармасы мен облыстық үстел теннисі Федерациясының бірігіп ұйымдастырған ардагерлер арасындағы Қазақстан чемпионаты Маңғыстау облысындағы үстел теннисінің болашағы жарқын екенін дәлелдеп берді.

**- Сұлтангерей Тілегенұлы, сұхбатыңызға рахмет! Жетер жетістіктеріңіз көп болсын!**

... Өркениетті елдердің бәрі де спортқа араласу арқылы жігерлі, шат қимылдап, алға озуда. Суда жүзу, конькимен жүгіру тәрізді спорт түріне әу бастан қырымыз жоқ, ал асық атып, доп лақтырып, ләңгі теуіп, көкпар тартып өскен ұрпақ күрес пен жұдырықтасуды (боксты) ешқашан жатырқаған емес. Ендеше өндірісте жүріп, спорт саласында жанкештілік танытып жүрген жастардан Әділбек Ниязымбетовтей ел намысына тұратын талай жеңімпаздың шығатынына күмәнсіз сенгің келеді. Қайбір ауылға барсаңыз да желаяқтар табылады. Екі доңғалақты көлікке көсілте мініп, көшенің шаңын бұрқыратып жүретін балалардың ішінен небір жүйріктер, велоспортшылар шықпасына кім кепіл? Тегінде дарынды қылып жаратқан біздің елдің ұл-қызындағы мықтылықтың әлі талайды мойындатары анық.

Осындай ой жетегінде еліміздің игілігін еселеп, ел экономикасының тірегі болып жүрген мұнайшылардың толағай табыстарына сүйсініп, «тәні саудың – жаны сау» деген қағиданы берік ұстанған қаламқастықтарға, солардың жанында жанын жалау қылып жүрген Сұлтангерей ағамызға ризашылық сезіммен Қаламқасты артқа тастадық...

**Жаннат Кемал**




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, Е.Қонақбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

“CASPIY PRINT” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 2689